

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІМТІН»

Оқу жұмыс жөніндегі проректор

Д.Ж. Ахмед-Заки

2015 ж

**«6M020800 – АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ
БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ
(ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ)**

БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2015

Бағдарлама «6M020800 – Археология және этнология» мамандығының ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде құрастырылды

Ғылыми-зерттеу тәжірибе бағдарламасын құрастырушылар: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш және аға оқытушы Ж.М. Терекбаева.

Ғылыми-зерттеу тәжірибе бағдарламасы «Археология, этнология және музеология» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 4 «23» 09 2014 ж.

**Кафедра меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор**



А.Б. Қалыш

Тарих, археология және этнология факультетінің әдістемелік бюро мәжілісінде мақұлданды.

Хаттама № 2 «24» 09 2014 ж.

**Әдістемелік бюро төрағасы,
т.ғ.к., профессор м.а.**



Э.Т. Телеуова

КЕЛІСІЛДІ

**Тарих, археология және
этнология факультетінің
деканы, т.ғ.к., доцент**



А.Қ. Жұмаділ



I ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Көп дәрежелі университеттік білімнің негізгі конструкциясының логикалық қортындысы ол магистратура болып табылады. Ол кең ауқымдағы бакалавриаттағы фундаменталды білім мен терең маманданған дайындық пен өзіндік ғылыми жұмыстың жалғасы болып есептеледі. Бұл өз бетімен ғылыми ізденіс жүргізу қабілетін тексеру, өзінің кәсіби және ғылыми өсуінде алған бағытын анықтауда өз мүмкіндіктерін бағалау болып табылады.

«Археология және этнология» мамандығы бойынша ғылыми зерттеу тәжірибесінің **мақсаты** – магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысын жүргізудің негізгі әдістерін меңгеруі және таңдап алынған магистрлік бағдарламаға сәйкес сол салада кәсіби дүниетаным қалыптастыруы, сонымен қатар, магистранттардың таңдап алған және кафедра отырысында бекітілген тақырып бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының мазмұнының және оларды ұйымдастырудың қазіргі талаптарға сай зерттеу жұмысын жүргізуі болып табылады.

Тәжірибенің міндеттері:

– магистрлік бағдарламаларды игеру үдерісінде алған білімді, біліктілікті, дағдыны бекіту;

– Ғылыми және аналитикалық қызметтердің тәжірибесін қабылдау;

– шет тілдерінен аудару дағдысын пайдалана отырып, ғылыми және оқу материалдарын дайындау саласында қажетті біліктілікті қалыптастыру;

– Магистранттардың ғылыми қызметінде өзіндік білім алу және өзіндік білімді жетілдіру дағдысын белсенділікпен қалыптастыру;

– болашақ магистранттардың дербес іскерлік мәдениетін қалыптастыру;

– археологиялық материалдарды сипаттау және классификациялау әдістерін және қазбаның заманауи әдістемесін меңгеру болып табылады.

Тәжірибеден өту негізінде магистрант:

– осы білім саланың қазіргі күнгі мәселелерін;

– ғылыми бағыттағы нақтылы ғылыми мәселелердің даму тарихын, оның ролін;

– зерделенетін тақырыптың деректерін;

– заманауи білім ақпараттық технологияларды *білуі тиіс*.

Тәжірибеден өту негізінде магистрант:

– археология және этнология саласында ғылыми мәселелерді қалыптастыруды;

– зерттеу тақырыбы негізінде жиналған материалдарды талдау және жүйелеуді;

– алынатын эмпирикалық мәліметтерді өңдеудің және оларға интерпритация жасау тәсілдерін меңгеруді *жасай білуі тиіс*;

– тарихи танымның әдістерін және заманауи білім технологияларды пайдалану;

– ғылыми мақаланы жазу барысында немесе аналитикалық талдау жасау кезінде туындаған міндеттерді шешуді;

– магистранттардың ғылыми қызығушылығының негізінде кәсіби сала бойынша өз бетінше ғылыми зерттеу біліктілігін игеру (тәжірибе барысында мақала және талдамалы шолу магистранттардың ғылыми қызығушылығына сәйкес дайындалады);

– ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;

– археологиялық экспедициялар мен топтарды ұйымдастыра білу;

– ғылыми жобаларды жеке дара жасай білу *дағдысына ие болуы тиіс*.

Алға қойылған мақсат пен міндеттердің негізінде:

– археология және этнология саласында өзекті ғылыми мәселелерді қалыптастыру;

– мемлекеттік және шет тілдерінде кәсіби коммуникацияны қалыптастыруға дайын болу;

– әріптестер мен шығармашылық ұжымда, жоғары оқу орнында профессор-оқытушылар құрамымен және ҒЗИ басшыларымен өзара қарым-қатынасты орнату;

– кәсіби, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтерді және басқару қызметін жүзеге асыру;

– өзінің болашақтағы кәсіби дамуын жобалалай білуі;

– тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерттеу барысында инновациялық технологиялар мен әдістерді кеңінен енгізіп және оларды пайдалану;

– ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдап және оларды нақтылы білім беру мен зерттеудің міндеттерін шешу барысында қолдануға дайын болу *құзыретіне ие болуы тиіс*.

Зерттеу тәжірибесі академиялық күнтізбе мен магистранттың жеке жұмыс жоспарымен бекітілген уақытта жеке оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

II ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Магистранттың ғылыми зерттеу тәжірибесі оның жеке жұмысы негізінде және ғылыми жетекшісімен, нақтылы ғылыми зерттеу ұйымындағы басшымен бірігіп атқарылады. Бұл қызмет магистрлік диссертацияның теориялық концепциясына және ғылыми зерттеудің әдістерін зерделеуді тереңдету барысында магистрлік бағдарламаның нақтылы бейініне сай болуы керек.

Ғылыми зерттеу тәжірибесінен өту кезінде магистрант *істеуі қажет*:

– магистрлік диссертацияны орындау барысында қажет болатын деректерді жинақтауы;

– таңдалған тақырып негізінде арнайы әдебиеттермен, оның ішінде отандық және шет елдік жаңалықтармен танысуы керек;

– зерттеу әдістері мен археологиялық қазбаларды жүргізудің әдістерін;

– зерттеу жұмысын қорытындылау үшін тарихи танымның әдістерін пайдалану;

– ғылыми-техникалық құжаттама толтыру талаптарын меңгеруі тиіс.

Орындауы қажет:

– мәтінмен соның ішінде шет тіліндегі, жұмыс істеу дағдысын қолдана отырып, ғылыми зерттеу тәжірибесінің жетекшісі ұсынған тақырыптар бойынша мақалалар жазуға, талдаулық шолу дайындауға сол тақырып бойынша ғылыми ақпаратты жинауы, өңдеуі, талдауы және жүйелеуі тиіс;

– ғылыми-зерттеу жұмыстың жоспарын құрастыруды;

– алынған нәтижелердің шынайылығына талдау жасау;

– зерттеу тақырыбының нәтижесін отандық және шет елдік зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру;

– қарастырылған тақырыпты кешенді зерделеу;

– өткізілетін зерттеулердің ғылыми және методологиялық мәнділігін талдау.

III ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Бүкіл ғылыми-зерттеу жұмысын магистрант өзі орындайды. Зерттеу тәжірибесі барысында жалпы басшылық пен бақылауды жетекші атқарады. Магистранттың жетекшісі тәжірибе барысындағы оның өзіндік жұмысына тапсырмалар беріп, оған кеңестік көмек көрсетеді.

Тәжірибе жетекшісі тәжірибе алдында магистрантты тәжірибеге дайындауды ұйымдастырады, бағдарламаға сай кеңестер өткізеді. Сонымен қатар, жетекші тәжірибенің өту барысына бақылау жүргізіп, тәжірибенің қорытынды есептерін қабылдайды және тексеріп, соның негізінде кафедраға тәжірибенің өтуіне қатысты жазбаша пікір тапсырады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибе жетекшісі:

– тәжірибе құжаттарының уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді (жолдама, бағдарлама), тәжірибенің өтуі мен ұйымдастырылуы жөнінде қажетті кеңестер береді;

– кәсіби, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтерді және басқару қызметін жүзеге асыру;

– өзінің болашақтағы кәсіби дамуын жобалалай білуі;

– тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерттеу барысында инновациялық технологиялар мен әдістерді кеңінен енгізіп және оларды пайдалану;

– ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдап және оларды нақтылы білім беру мен зерттеудің міндеттерін шешу барысында қолдануға дайын болу *құзыретіне ие болуы тиіс*.

Зерттеу тәжірибесі академиялық күнтізбе мен магистранттың жеке жұмыс жоспарымен бекітілген уақытта жеке оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

II ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Магистранттың ғылыми зерттеу тәжірибесі оның жеке жұмысы негізінде және ғылыми жетекшісімен, нақтылы ғылыми зерттеу ұйымындағы басшымен бірігіп атқарылады. Бұл қызмет магистрлік диссертацияның теориялық концепциясына және ғылыми зерттеудің әдістерін зерделеуді тереңдету барысында магистрлік бағдарламаның нақтылы бейініне сай болуы керек.

Ғылыми зерттеу тәжірибесінен өту кезінде магистрант *істеуі қажет*:

– магистрлік диссертацияны орындау барысында қажет болатын деректерді жинақтауы;

– таңдалған тақырып негізінде арнайы әдебиеттермен, оның ішінде отандық және шет елдік жаңалықтармен танысуы керек;

– зерттеу әдістері мен археологиялық қазбаларды жүргізудің әдістерін;

– зерттеу жұмысын қорытындылау үшін тарихи танымның әдістерін пайдалану;

– ғылыми-техникалық құжаттама толтыру талаптарын меңгеруі тиіс.

Орындауы қажет:

– мәтінмен соның ішінде шет тіліндегі, жұмыс істеу дағдысын қолдана отырып, ғылыми зерттеу тәжірибесінің жетекшісі ұсынған тақырыптар бойынша мақалалар жазуға, талдаулық шолу дайындауға сол тақырып бойынша ғылыми ақпаратты жинауы, өңдеуі, талдауы және жүйелеуі тиіс;

– ғылыми-зерттеу жұмыстың жоспарын құрастыруды;

– алынған нәтижелердің шынайылығына талдау жасау;

– зерттеу тақырыбының нәтижесін отандық және шет елдік зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру;

– қарастырылған тақырыпты кешенді зерделеу;

– өткізілетін зерттеулердің ғылыми және методологиялық мәнділігін талдау.

III ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Бүкіл ғылыми-зерттеу жұмысын магистрант өзі орындайды. Зерттеу тәжірибесі барысында жалпы басшылық пен бақылауды жетекші атқарады. Магистранттың жетекшісі тәжірибе барысындағы оның өзіндік жұмысына тапсырмалар беріп, оған кеңестік көмек көрсетеді.

Тәжірибе жетекшісі тәжірибе алдында магистрантты тәжірибеге дайындауды ұйымдастырады, бағдарламаға сай кеңестер өткізеді. Сонымен қатар, жетекші тәжірибенің өту барысына бақылау жүргізіп, тәжірибенің қорытынды есептерін қабылдайды және тексеріп, соның негізінде кафедраға тәжірибенің өтуіне қатысты жазбаша пікір тапсырады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибе жетекшісі:

– тәжірибе құжаттарының уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді (жолдама, бағдарлама), тәжірибенің өтуі мен ұйымдастырылуы жөнінде қажетті кеңестер береді;

– бағдарламаға сәйкес магистранттардың зерттеу жұмыстарының толыққанды жүргізілуін бақылап, тәжірибе барысында туындаған сұрақтарды шешуде көмек көрсетеді;

– зерттеу тәжірибесі бойынша есептің уақытында қорғалуын ұйымдастырады;

– магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысының жеке жоспарларын түзету мен жоспарлаудың негізгі формасы тақырыпты негіздеу және жоспар мен аралық зерттеу қорытындыларын ғылыми зерттеу семинарының аясында талқылау болып табылады.

IV ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ БАЗАСЫ

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің өткізілетін орын ҚР БЖҒМ ҒК «Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты», «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты».

V ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Магистранттар тәжірибеден өту барысында міндетті:

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ті енгізген формада тәжірибе бағдарламасын толық орындауы, тәжірибе күнделігін жүргізуі;

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасындағы ішкі ережелерді орындау;

– еңбекті қорғау ережелерін зерделеу және қатаң орындау, техникалық қауіпсіздік ережелері мен өндіріс санитариясын сақтау;

– кафедра тапсырмасы бойынша шұғыл жұмыстарға қатысу;

– тәжірибе жетекшісіне бекітілген форма бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде жазбаша есеп және күнделік тапсыру керек;

VI ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ҚҰЖАТТАР

Магистранттың ғылыми-зерттеу тәжірибесі тәжірибе бағдарламасының барлық талаптары орындалған жағдайда ғана аяқталған болып есептеледі. Тәжірибе аттестациясы нәтижесінің барысында бағамен сынақ қойылады.

Тәжірибе құжатнамасына сәйкес магистранттар атқарған қызметтерінің барлық түрлерінің қорытындысы бойынша бағаланады.

Тәжірибе жөніндегі есеп мынандай бөлімдерден тұрады (әрбір бөлімнің ауқымы шамамен 1-3 бет болуы керек):

– кіріспе (тақырыптың өзектілігін көрсету, зерттеудің міндеттері мен мақсаттарын қою, зерттеу объектісінің пәнін анықтау, зерттеу мәселесінің заманауи сипаттамасы, методологиялық аппараттың сипаттамасы, орындайтын жұмыстың ғылыми және практикалық мәнділігі);

– әдебиеттерді қарастыру (ҒЗЖ-тың тақырыбына сай әдебиетке қысқаша зерделеу және пайдаланған деректердің атауы);

– зерттеу моделін жазу;

– тарихи мәселелерді зерттеудің әдіснамасының әдістері мен техникасын жазу.

Аталған шаралар бағдарламаның екінші бөлімінде көрсетілген нұсқаулардағы көптеген білімдер мен біліктілікті бақылауға мүмкіндік береді. Магистрант ҒЗЖ-ны жазу барысында өзінің ғылыми-техникалық құжаттарды істей білетіндігі мен талаптары туралы білімін көрсете алады. Тәжірибе біткен соң, аттестациядан өтеді (есебін қорғайды).

Тәжірибе нәтижесі кафедрада талқыланады. Тәжірибенің жалпы нәтижесі факультеттің Ғылыми кеңесінде қорытындыланады.

VII ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

Магистранттар зерттеу тәжірибесінің нәтижесі бойынша «Археология, этнология және музеология» кафедрасына есеп тапсырады, ол есепті тәжірибе жетекшісі тексереді. Бұл есеп кафедра меңгерушісінің қаулысымен құрылған комиссияның алдында қорғалады. Есептің нәтижесі баллдық-рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады.

Зерттеу тәжірибесі барысында әдіскерлер **бақылаудың** 2 түрін өткізеді: ағымдық және қорытынды.

Ағымдық бақылау әдіскерге магистранттың жұмысы жөнінде толық және анық мәлімет алуына мүмкіндік береді, оның белгілінген уақытта немен айналысып жүргенін, зерттеу аясының аспектісінде қандай алға жылжулар болғандығын байқай алады. Ағымдық бақылау келесі формалардың көмегімен іске асырылады:

- ұстаздармен, магистранттармен пікір алысу;
- магистранттардың зерттеу аясындағы жан-жақты қызметтерін қадағалау.

– Қорытынды бақылау ғылыми-зерттеу тәжірибесі аяқталғаннан кейін іске асырылады. Ғылыми-зерттеу тәжірибенің қорытынды бағасы шығарылады, есеп құжаттары жасалады, қорытынды есептік-қорытындылау шаралары ұйымдастырылады: қорытынды жиналыс, ғылыми-зерттеу тәжірибесінің қорытындысы бойынша кафедра және факультет мәжілісін өткізу.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің аяқталған кезеңі болып тәжірибеші ғылыми жұмысының қорытындысын шығарып, бағасын қою есептеледі. Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің нақты қорытындысы комиссия алдында есеп түрінде тұжырымдалады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесін бағалау. Магистранттардың зерттеу тәжірибесі бүкіл өту сатылары бойынша бағаланады. Оның барысында мыналар ескеріледі:

- ғылыми маңызы бар белгілі тарихи мәселелердің кең спектрін білуі;

– тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерді қолдану мен кешендік талдау жасаудың тәсілдерін игеруі; археология және этнология мәселелеріндегі концептуалдық ережелер мен қазіргі жағдайды айқындай алуы және шетелдік археология мен этнология мектептерінің даму үдерісінде отандық және шетелдік ғалымдардың жалпы тарихи, гуманитарлық ғылыми теорияларын қарастыруы;

– алынған теориялық білімдерді нақтылы тарихи материалдарды зерделеу үшін және отандық және шетелдік археология мен этнология әдіснамасының қалыптасу сатыларына талдау жасауда пайдалана білуі;

– археология мен этнологияда теоретикалық-методологиялық ұстанымдар мен зерттеулер парадигмалардың негізін ашу, шығармашылық-аналитикалық мүмкіндіктерді концептуалды тарихи мәселелермен салыстырмалы түрде жүзеге асыру;

– археологиялық және этнологиялық талдау жасай білуі, тарихи фактілердің көпшілігінен приоритеттерді және теоретикалық концепцияларды анықтай алуы;

– пәнаралық білімдер аясында ұсынылған тұжырымдарды шешуде, тарихи ойлаудың сыны мен логикалық дамуды қолдану мен одан әрі дамыту;

- жұмысқа шығармашылық қатынас пен өз бетімен жұмыс істей білу деңгейі;

- есептік құжаттардың сапасы.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінің аттестациялық формасы – комиссия алдында есептерін қорғау.

«Өте жақсы» деген баға – магистрантқа тәжірибе бағдарламасы талабына сай жоспарланған көлемді жұмысты жоғарғы деңгейде уақытында орындағанда, негізгі оқу-тәрбие міндеттерін тиімді іске асырып, дұрыс анықтай білу икемін көрсеткенде, жұмыста өзіндік жұмыс істей алатындығын көрсетсе, шығармашылық танытқанда қойылады.

«Жақсы» деген баға – магистрантқа зерттеу тәжірибесінің бағдарламасы жұмысын өту барысында белгіленген жұмысын толық орындағанда, негізгі зерттеу міндеттері мен

оларды шешу жолдарын анықтай ала білетін жағдайда, жұмыста алдыңғы қатардан көрініп, шығармашылық немесе шығармашылық ізденіс көрсете алмай, не болмаса шығармашылық өсуде талпыныс білдірмеген жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлық» деген баға – магистрантқа жұмыс бағдарламасын орындап, терең теориялық-методологиялық жоспарлық білім көрсете алмаса, зерттеу жұмыстарында жүргізу мен жоспарлау барысында қателіктер жіберген кезде қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға – магистрантқа зерттеу бағдарламасы жұмыстарын орындамаса, теориялық-методологиялық аспектілерде өте нашар білімі бар екендігін көрсетсе, зерттеу міндеттерін іске асыруда алға тартуда білімін қолдана алмаса, зерттеудің мақсаттық жұмыстарын ұйымдастыра алмағанда қойылады.

Зерттеу тәжірибесінің нәтижелерін бағалаудағы негізгі критерилер:

- кәсіби зерттеу біліктері мен дағдыларын қалыптастырудың деңгейі;
- магистранттың өзіндік зерттеу тұжырымдарының дәрежесі мен оның мақсаты, міндеттері және мазмұны;

- кәсіби бағыттағы дәреже (зерттеу қызметіне қызығушылық, зерттеуге қатысты шығармашылық және жауапкершілік қатынасы, көшбасшылық, белсенділік, өзіндік жұмыс істей білу);

Зерттеу тәжірибесінің нәтижесін бағалау үшін келесі әдістер қолданылады:

- тәжірибе барысында магистранттарға қадағалау жасау және олардың жеке жұмыс түрлеріне, сапасына сараптама жасау;

- магистранттардың зерттеу тәжірибесінің әртүрлі бағыттары бойынша есептік құжаттарына сараптама жасау;

- магистранттармен пікір алмасу;

- магистранттарды тестілеу, анкеталау.

Зерттеу тәжірибесінің жалпы қорытындысы ведомосттарда көрініс табады, онда магистранттардың әртүрлі зерттеу қызметінің бағалары көрсетіледі, зерттеу тәжірибесі уақыты аралығындағы және қорытынды бағасы шығарылады.

VIII ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТЫЛУ

Керекті компьютерлік құрал-жабдықтар, сонымен қатар бағдарламалық қамтамасыз етілуі орындалатын ҒЗЖ тақырыбы ерекшелігімен айқындалады.

IX ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРБИЕНІҢ ӨТУ УАҚЫТЫ МЕН МЕРЗІМІ

Зерттеу тәжірибесі – 01 маусым – 28 маусым 2015 жыл аралығында өтеді.